

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ
НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП



АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ
В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ
И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

II КНИГА

Қостанай қ., 2025 ж.
г. Қостанай, 2025 г.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі:
Қ 22 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: II Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025 . – 1611 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: II книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025. – 1611 с.

ISBN 978-601-356-498-2

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары туралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелері ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін еңгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направления тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2



9 786013 564982

УДК 37.02
ББК 74.00

ӘОЖ 372.8

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Алимова Салтанат Женисовна

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

педагогика ғылымдарының магистрі

Алматы қаласының № 152 мектеп–гимназияның

Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақала қазіргі заманғы білім беру үдерісінде жобалап оқыту технологиясын қолдану, оның түрлері мен ерекшеліктерін саралауға арналған. Мақала авторы жобалап оқыту технологиясының мазмұнына тоқталып, оны қолдану тәсілдері мен жоба түрлерінің негізгі сипаттарын анықтайды. Бұл технологияның тиімділігін қысқаша көрсетеді.

Түйінді сөздер: жобалап оқыту технологиясы, жобалау әдістемесі, құзыреттілік, педагогикалық технология.

Аннотация

Статья посвящена проблеме проектного обучения в современном образовании, её формам и особенностям. Автор акцентирует внимание на сущности проектной методики, определяет подходы её применения и основные характеристики. Также подводит итог эффективности проектной методики.

Ключевые слова: проектное обучение, проектная методика, компетентность, педагогическая технология

Abstract

The article is devoted to the problem of the project teaching in the modern education, its forms and peculiarities. The author pay attention to the essence of the project methods, determine its using and the main characteristics of the projects. Also summarizes the effectiveness of using project methods.

Key words: project teaching, project methods, competence, pedagogical technology.

Жобалап оқыту технологиясы жеке тұлғаға бағытталған білім беру жүйесінде қарастырылып, білім алушының бастамашылдық, көшбасшылық, шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. «Жоба» деген түсінік кең мағынада ойластырылған немесе жоспарланған деген мағынаны білдіреді. Бұл латын тілінен аударғанда «proicere» – «жоспарлау, дайындау» деген мағынаға ие немесе жоспарлы түрде жүзеге асыру деп түсіну қажет.

Жобалап оқыту технологиясын қолдану барысында білім алушылар бірлесіп атқарған жұмыстарының арқасында нақты бір нәтижеге жетіп, өз бетінше дамуға мүмкіндік алады, сөйтіп қанағат сезімі оянады. Бұл технология білім алушылардың мектептегі білім мазмұнын игеруде алған білімді қайта бағалап, қайта мән беріп қарастыруға, өзара диалог құрып, жаңа технологияның әдіс–тәсілдерін тиімді пайдалану арқылы оң нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі білім жүйесінде қолданылып жүрген бұл технология әлемдік педагогикада жаңа нәрсе емес. Ол ХХ ғасырдың 20 жылдарында АҚШ–та пайда болған. Жобалап оқыту технологиясын проблемалар әдісі, жобалар әдісі деп атап, білім берудегі гуманистік бағыттағы идеялармен байланыстырды. Бұл технологияның негізі идеяларын Дж. Дьюи мен оның шәкірті У. Килпатрик жетілдіріп, дамытты. Бұл ғалымдар білім алу үдерісі оқушылардың жеке қызығушылықтарына сәйкес мақсатты іс–әрекетке бағытталуы тиіс деп санайды. Оқу үдерісінің негізгі дидактикалық бірлігі, олардың пікірінше, нақты өмірден алынған білім алушылардың жеке проблемалары болып табылады. Олар өз бетінше немесе топта бірлескен күш–

жігермен, кейде ғылымның әртүрлі салаларының қажетті тәжірибелерін қолдана отырып, оны шешіп, нақты нәтиже алуы керек. Бүкіл проблема және оны шешудің жолдары осылайша жобалау қызметімен жүзеге асады [1].

Ресейде жобалап оқыту технологиясы көрнекті орыс ғалымы П.Ф. Каптеревтің есімімен байланысты. Ол жобалап оқыту ақыл–ойды жан–жақты жаттықтыруға, ойлауды дамытуға бағытталған деп санайды. П.Ф. Каптеревтен кейін жобалап оқыту технологиясы америкалық ғалымдардың еңбектерімен қатар дамып отырды. Бұл іспен П.П. Блонский, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий, А.Н. Шульгиндер айналысты. Дегенмен, бұл технология мектептерде барынша ойластырылып, жүйелендіріп енгізілмегендіктен, ХХ ғасырдың 30– жылдарында оны педагогикаға лайықсыз деп қарастыра бастады. Соңғы кездері қазіргі білім берудегі өзгерістерге байланысты бұл технологияға деген қызығушылық қайта пайда болды.

Жобалап оқыту технологиясының мақсаты оқушылардың білім алушылар үшін өмірлік маңызы бар түрлі проблемаларды өздігінен шешіп, түсінуі болып табылады. Бұл технологияның білім алушылардың оқу үдерісінде қоршаған орта туралы көзқарастарын қалыптастыруға, материалдық және басқа да құндылықтар туралы ой–пікірін дамытуға септігі тиеді. Жобалаудың материалдандырылған нәтижесі бұл білім алушылардың мәселені өз бетінше шешумен анықталатын оқу жобасы. Жобада мәселені шешудің ғылыми (танымдық) жағымен қатар әрқашан эмоционалды көңіл күй тудыратын жағы, әрі шығармашылықпен атқаратын жақтары да болады. Шындығында жобаны жүзеге асыруда оның эмоцияға әсер еткені немесе шығармашылықпен орындалғаны білім алушылар үшін жобаның қаншалықты маңызды болғанын және қаншалықты өздігінен орындалғанын айқындап береді [2].

Жоғарыда айтылғандай бұл технология әрдайым білім алушылардың белгілі бір уақыт аралығында жеке немесе топпен бірігіп өздігінен орындауына бағытталады, оқушылардың білім алуда жинақталған проблемалық әдіс–тәсілдерін шығармашылықпен жүзеге асыруды көздейді. Бұл технология оқушылардың білімі мен дағдыларын қалыптастыруға ғана емес, олардың жеке басының өзін–өзі жүзеге асыруына бағытталған ізгілендіру, қарым–қатынас, даралау, белсенділік, құндылық қағидаттарын ескере отырып құрылады.

Кез–келген жоба оны жүзеге асыру қызметімен тығыз байланысты. Бұл қызмет еркін пікір алмасу, орындау тәсілдерін таңдау (эссе, баяндама, графикалық сызбалар және т.б. түрінде), өз қызметіне кері байланыс алу ісімен жүзеге асады.

Оқу үдерісінде білім алушылардың жобаны орындауы оқытылатын пәннің логикасына емес, оқушылардың іс–әрекетінің логикасына құрылады. Осы тұста жоба жұмысы кезінде жаңа материалды меңгеру үшін ақпарат жинауға уақыт бөлінеді, оқытушының немесе білім алушының өз қалауымен зерттеу, тәжірибелік сипаттағы жұмыстарды өздігінен орындауға жағдай жасалады. Жобалап оқыту технологиясында таңдау әр түрлі кезеңдерде жүзеге асады, ол жобаны таңдау, тапсырма түрлерін таңдау, серіктестердің қызметін таңдауы, материал таңдау, оны жобада ұсыну формасы, жұмыс әдісін таңдау, т.б. Бұл таңдау білім алушылардың қажеттіліктерімен, қабілеттерімен, құндылықтарымен, бағдарымен, субъективті тәжірибесімен, эмоционалды көңіл–күйімен және басқа студенттермен қарым–қатынасымен анықталады.

Қазіргі уақытта осы технологияның мазмұнын айқындайтын жобаларды әртүрлі түрлерге бөледі. Жобаларды өткізу ұзақтығына қарай оларды қысқа мерзімді (бір, екі сабақта әзірленеді), ұзықтығы орташа (бір, екі тақырыпты зерттеу), ұзақ мерзімді (ұзақ уақыт бойы әзірленеді, көбінесе сабақтан тыс уақытта өткізіледі, дегенмен жалпы жоба сабақта қадағаланады) болып бөлінеді.

Оқытылатын пәннің мазмұнына сәйкес жеке жобалар болады, сонымен қатар пәнаралық жобалар да бар. Көбінесе пәнаралық жобалар білім алушылардың қызығушылығын тудырады.

Қатысушылардың санына қарай әр оқушы өз бетінше орындайтын жеке жобалар, жұптасып орындайтын жұптық жобалар, топпен бірге атқаратын топтық жобалар болады. Тәжірибеге бағытталған жобалар көбінесе топтық формада жүзеге асады, олар экологиялық акцияларға, әртүрлі сайыстарға қатысуы мүмкін.

Оқушылардың басымдылықтарына қарай ойын формасында, зерттеу түрінде, тәжірибеге бағытталған, шығармашылық және танымдық жобалар таңдалып алынады.

Зерттеу жобалары зерттеудің өзектілігін, мақсаты мен міндеттерін, зерттеу пәні мен нысанын, зерттеу әдістерінің жиынтығын, проблемалық мәселелерді шешу жолдарын айқындап, алынған нәтижелерді талқылауға және рәсімдеуге бағыт-талады. Олар сабақта да, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырылады. Мұндай жобаларға тұрғылықты халықтың нақты мәселелерін шешуге байланысты қоғамдық жобалар, атап айтсақ олар тұратын аймақтың экологиялық мәселесі, этникалық дәстүрлерді тануға бағытталған жобалар кіреді. Кез-келген жобада оқушылардың шығармашылық қыры көрінеді.

Ойын түріндегі жобаларда білім алушылар жобаның сипаты мен мазмұнына байланысты белгілі бір рөлді алады. Бұл нақты адам немесе ойдан шығарылған тұлға болуы мүмкін. Олар қоғамдық немесе іскерлік шиеленіскен жағдайларды бейнелеп, түрлі қарым-қатынасқа түседі. Мысалы, шет тілі сабағында бір елдің заманауи әндер фестивалін ойын түріндегі жоба ретінде өткізуге болады. Ойын ойнау барысында қызықты жағдайлар жиі орын алады.

Шығармашылық жобалар ойын түріндегі жобалар сияқты алдын-ала толық ойластырылмайды. Ол жобаға қатысушылардың бірлескен іс әрекетінің арқасында сол адамдардың қызығушылықпен атқарған іс-тәжірибесінің соңғы нәтижелеріне бағынады. Жоспарлаған нәтижелер мереке ойластыру, ғылыми журнал шығару, видеофильм түсіру, суреттер көрмесін жасау, туристік буклеттер, сайт, тіпті ойыншық құрастыру болуы да мүмкін.

Танымдық жобалар қоғамдағы ауқымды мәселелерге бағытталады, атап айтар болсақ, қазіргі кездегі жаһандық проблеманы шешуге байланысты жобалар дайындау. Мұндай жобалардың нақты құрылымы бар. Оларды орындау кезінде нақты мақсат қойылады, ғылыми ақпарат таңдалып алынып, оларға талдау жасайды, мәселені шешу үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Жобаның нәтижесі схема, баяндама, карта, хабарлама, сценарий моделі және т.б. түрінде жасалады. Жобаның көп бөлігі компьютерде орындалады.

Тәжірибеге бағытталған жобалар нақты практикалық нәтижеге жетуді көздейді. Олар білім алушылардың су қоймаларын тазарту, тұрғын үй салуға лайықты жердің жоспарын жобалау, өз қаласындағы автожол магистраліндегі транспорттарды есепке алу, өз мекенінің тарихи шежіресін құру сияқты әлеуметтік құндықтарымен байланысты болады. Әдетте мұндай жобалар өзге адамдардың бағалауына тәуелді болып келеді. Себебі білім алушылардың жасаған жобалары туралы мәліметтер мектеп радиосында, арнайы шығарылған қабырға газеттерінде, мектеп сайтында хабарлануы маңызды. Соңғы жылдары көптеген оқушылар, сыныптар интернет жүйесі арқылы осындай халықаралық жобаларға қатысып жүр.

Дидактикалық материалдар дайындау бойынша да жоба түрлері бар. Оған баспа материалдары (оқулықтар, атластар, хрестоматиялар, жұмыс дәптерлері, танымал ғылыми және көркем әдебиет), көрнекі құралдар (кестелер, схемалар, суреттер, карталар), техникалық құралдар т.б., ақпараттың барлық түрін жинауға,

сақтауға, өңдеуге, шығаруға және көбейтуге мүмкіндік беретін ақпарат және байланыс құралдары жатады. Ақпараттық және коммуникативтік құралдарға компьютерлер, түрлі құрылғылар, мультимедиа технологиялары және машиналық графика, жасанды интеллект жүйелері, коммуникация құралдары (желілік жабдықтар, бағдарламалық кешендер, телефон желілері, спутниктік байланыс арналары) және олардың құрал-саймандары жатады [3].

Компьютерлік құралдарды пайдалану кезінде ақпаратқа еркін және жедел қол жеткізу мүмкіндігі білім алушылардың ақпаратты өңдеу, талдау, жобамен жұмыс істеу қабілетін арттырып, уақытты тиімді пайдалану, модельдер, графиктер, диаграммалар түрінде нәтижені визуалды түрде пайымдау жылдамдығын тездетеді.

Жобалап оқыту технологиясы бірнеше сатыда жүзеге асырылады. Ол белгілі бір уақыт аралығында білім алушылардың бірлесе отырып мәселе бойынша нақты мақсат құрып, соны жоспар бойынша күтілген нәтижеге жеткізгенше орындалады.

Жобаның бірінші циклі мақсатқа бағытталады. Білім алушылар бастапқы кезеңде іс-әрекеттің мотиві мен мақсатын айқындау, оны жүзеге асыруға негіз болатын басымдықтарға мән беру, жобаны орындаудың түпкі ойын бағдарлауы керек. Бұл кезеңде жобаға қатысатын топпен жоба туралы талқалау өткізіп, оны орындаудың моделін құру маңызды. Осыған байланысты оқушыларды жобаны іске асыру туралы идеяларымен бөлісуге ынталандырып отыру қажет. Осы мақсатта мұғалімдер оқушылар ұсынған барлық идеяны тақтаға толық жазады. Көп ұсыныс түскенде білім алушылармен бірге жобаның түпкі идеясына сүйене отырып, ұсынылған идеяларды жинақтап, айқын, түсінікті түрде қорытындылап, жіктеу керек. Бұл кезде жобаны орындаудың іс-әрекет моделі құрылады, қажетті ақпараттар көзі анықталады, жұмыстың маңыздылығы анықтала түседі, болашақта атқаруы тиіс іс-шаралар жасақталады. Бірінші кезеңде оқушылар үшін жоспарға алынған мәселенің сәтті бастауға деген ниет басты рөл атқарады.

Екінші кезең – бұл құрылымдық кезең. Бұл кезеңде білім алушылар уақытша топтарға (4–5 адамнан) бөлініп немесе жеке-жеке жобалау қызметін жүзеге асырады; жоспар жасайды, жоба бойынша ақпарат жинайды, жобаны іске асыру нысанын таңдайды (ғылыми есеп, баяндама жасау, графикалық модель құру, күнделік жазу, т.б.). Мұғалім осы кезеңде оқушыларға кеңес береді. Мұғалім оқушылардың іс-әрекетін әркім өзін көрсете алатындай және басқа сыныптастарының мойындауына ие болатындай етіп ұйымдастыруы керек. Осы құрылымдық кезеңде мұғалім басқа оқушыларды зерттеуге қатысып жатқан оқушыларға белгілі бір тапсырмалар бойынша көмектесуге бағыттап отырады. Сонымен қатар білім алушылар тапсырмаларды ең тиімді жолмен орындауға болатын шығармашылық жолдарды үйренеді. Мұғалім оқушыларды ынталандырады, өз ойын еркін айтуға баулиды, кеңес береді. Бұл кезең ең ұзақ уақытқа созылады.

Үшінші кезең – рефлексивті бағалау кезеңі. Бұл оқушының жобадағы өз қызметін бағалауы. Жалпы алғанда рефлексия жобаның әр кезеңдерінде қатар жүреді. Білім алушының жеке орындаған іс-әрекеттерін өзі бағалауы оның мақсатты түрде өзін бақылап, өзін құрметтеуіне алып келеді. Бұл кезеңде жоба рәсімделеді, құрастырлады және презентацияға дайындалады. Рефлексивті бағалау кезеңі өте маңызды, өйткені жобаға қатысушы әрбір оқушыға жоба толық таныс, әрі кез-келген жағдайда жоба нәтижелерін таныстыруға қатысуы керек. Бұл кезеңде рефлексия жасау арқылы жобаға түзету енгізілуі мүмкін (мұғалімнің, топтағы серіктестердің сын-ескертпелерін есепке алу). Нәтижесінде жобаға қатысушылар жұмыста нені жақсарту керек, не нәрсе тиімді болды, не нәрсе қолайлы емес, әр оқушы жобаға қандай үлес қосты деген секілді пайымдаулар жасайды.

Төртінші кезең – жобаны қорғау, яғни презентациялық кезең. Презентация әр топтың немесе жеке–жеке қатысушылардың іс–тәжірибесінің нәтижесі, топпен не жеке атқарылған жұмыстардың бағалануы. Жобаны қорғау әдеттегі формада жүргізілуі мүмкін (дөңгелек үстел, баспасөз конференциясы, қоғамдық сараптама, немесе ойын түрінде).

Білім алушылар жобаны қорғау барысында жеткен нәтижелер мен қорытындыларды ғана емес, ақпарат жинау кезінде қолданған әдіс–тәсілдерімен, кездескен қиыншылықтарымен бөліседі. Сонымен қатар жоба орындау барысында игерген білімдерін, қабілеттерін, шығармашылық қырларын, рухани–адамгершілік қасиеттерін көрсетеді. Бұл кезеңде оқушылар өз қызметінің нәтижелерін ұсына білуге үйренеді.

Жобаны қорғау кезінде қорғаушы еркін әрі қысқа сөйлеуі қажет. Ол тыңдаушылардың қызығушылығын арттыру үшін сенімді дәйексөздерді мысалға алады, нақты факт ұсынады, қызықты ақпарат береді, плакаттар, слайдтар, графиктер, карталар қолданып өмірлік мәселелерді ортаға салады. Презентация көрсетіп жатқанда оқушылар тақырып бойынша пікірталасқа түседі. Өз пікірлеріне айтылған сынға сындарлы қарауға, бір мәселені шешудің әр түрлі жолдары бар екенін басқа пікірлер арқылы мойындауға, өз жетістіктерін бағалауға, шешілмеген мәселелерді анықтауға үйренеді. Әдетте осы кезеңде жобаның алдағы дамуына назар аудару керек.

Жобалап оқыту технологиясы белгілі бір тақырып туралы жаңа білімді құруға бағытталатындықтан мұғалімнің рөлі де өзгереді. Ол «тәуелсіз кеңесші» рөлін орындауы керек.

Жоба жұмысына сараптамалық бағалау өте қажет, онсыз жобаны жүзеге асыру мүмкін емес. Осы арқылы жобалап оқыту қарапайым проблемалық тапсырмаларды орындаудан ерекшеленеді.

Сараптама тобының жұмысы қарастырылатын тақырып бойынша білімнің тереңдігін тексереді, сол сала бойынша хабарламалар молдығын, берілген тапсырманы шешу қабілетін, мәселеге қызығу, бастамашылдық, жауапкершілік, топта жұмыс жасай білу сияқты т.б. субъективті позицияны ашатын барлық мәселелерді бағалаумен екшеледі.

Көбінесе сарапшылар (оқушылар мен мұғалімдер арасында) бес немесе он балдық шкала бойынша сараптама өткізеді.

Сараптамалық бағалау әртүрлі диагностикалық параметрлер бойынша жүргізілуі мүмкін, олар: мотивациялық, құндылық, танымдық, коммуникативті, ұйымдастырушылық. Мотивациялық аспект оқушылардың жобаға деген қызығушылығын және олардың эмоционалды сөйлеудің көмегімен сыныпты қызықтыра білуін, алынған нәтижелерді жарқын пайдалана білуін көрсетеді. Құндылық аспектісі оқушылардың басқа адамдардың игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған құндылықтар жүйесінде көрінеді. Жобалап оқыту технологиясының танымдық аспектісі ғылыми мәтіндермен дұрыс жұмыс істеу, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, мәселені шығармашылық жолмен шешу сияқты қабілеттермен көрінеді. Коммуникативті аспект оқушылардың пікірталас кезінде өз пікірлерін қорғау, эмпатия көрсету, құндылықтармен алмасу, жолдастарына көмек көрсету қабілетіне қарай бағаланады. Ұйымдастырушылық жағы жоспар бойынша жұмыстың анықтығынан, топтағы барлық қатысушылардың іс–әрекетін үйлестіруден, топтық жұмысты ұйымдастырудағы көшбасшыны таңдаудағы нәтижелілігі мен рөлінен көрінеді [4].

Жобалау технологиясында аралық және қорытынды сараптама жүргізіліп отыруы керек. Оны мұғалім немесе оқушылар арасынан таңдалған тәуелсіз сарапшылар жасайды. Нәтижені бағалау оқушыларды ынталандырып, жігерлендіріп

отыруға бағытталуы керек. Осы мақсатта мұғалім мен студенттер бірлесіп жобаны талқылауды ұйымдастырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Под ред. Е.С. Полат. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. 272 с.
2. Полат Е.С. Метод проектов на уроке иностранного языка. // Иностранные языки в школе. 2000. № 2 С. 3–9.
3. Пахомова Н.Ю. Проектное обучение – что это? // Методист, №1, 2004. – с. 42.
4. Қозыбай А.Қ., Жексенбиева Н.Ж. Қ58 Кәсіптік білім беру жүйесіндегі қазіргі оқыту технологиялары. – Алматы, 2011. 16 б

ӘОЖ 37.06

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ СТУДЕНТТЕР ҮШІН ҚАУІПСІЗ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ:
ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ШЕШУДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ**

Алипбаева Гульжан Агыбаева

биология магистрі, педагогика, психология және
арнайы білім беру кафедрасының аға оқытушысы
КЕАҚ «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті»
Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институты
Қостанай қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада қауіпсіз білім беру инклюзивті ортасын құру арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттің жеке басын дамыту мәселесі баяндалады.

Түйінді сөздер: мүмкіндігі шектеулі студенттер, қауіпсіз білім беру ортасы, инклюзивті білім беру, адаптивті оқыту, оқу процесінің бейімделуі, аралас оқыту.

Аннотация

В статье раскрывается вопрос развития личности студента с особыми образовательными потребностями посредством создания безопасной образовательной инклюзивной среды.

Ключевые слова: студенты с ограниченными возможностями, безопасная образовательная среда, инклюзивное образование, адаптивное обучение, адаптация учебного процесса, смешанное обучение.

Abstract


The article explores the issue of developing the personality of a student with special educational needs through the creation of a safe and inclusive educational environment.

Keywords: students with disabilities, safe educational environment, inclusive education, adaptive learning, learning process adaptation, blended learning.

Жоғары оқу орындарында қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету – толыққанды оқытудың, әлеуметтік бейімделудің және студенттердің, әсіресе денсаулық мүмкіндіктері шектеулі студенттердің кәсіби қалыптасуының маңызды шарты.

Қазіргі қоғамда білім алу мүмкіндіктері әртүрлі болуын қамтамасыз ету маңызды мәселе болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін қауіпсіз білім беру ортасының құрылуы – тек олардың білім алуына емес, сондай-ақ олардың қоғамда белсенді болуына ықпал ететін факторлардың бірі. Қауіпсіз білім беру ортасы осы студенттерге қажетті қолдауды ұсына отырып, оларды әлеуметке сіңіріп, өзіндік даму мен кәсіби жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Мұндай ортаны

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ АУЫТҚУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ
ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР**



**ЭФФЕКТИВНЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРАКТИКИ В ОБЛАСТИ ПРОФИЛАКТИКИ
ДЕВИАЦИЙ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ**

Абдуллаева Гунай Имран–кызы	Самосаботаж учебной деятельности и его профилактика как психолого– педагогическая проблема	3
Азатқызы Айзат	Жаратылыстану бағытында дуалды оқытудың тиімділігі мен келешегі	8
Айменова Ляззат Булатовна	Профилактика аутодеструктивного поведения среди несовершеннолетних: эффективные практики в школе	13
Акылбекова Эльмира Акылбековна, Даниярова Айтолкын Темирболатовна	Бастауыш сынып оқушыларының агрессиясының психологиялық–негіздері	17
Аллавердиева Наталья Евгеньевна	Педагогическое сопровождение профилактики девиантного поведения обучающихся в колледже	21
Аллахвердиева Индира Кязимовна	Профилактика девиантного поведения в организации образования	26
Алпысбаева Гульнара Болатбековна, Тойгамбаева Асель Темиргалеевна	Инклюзивные технологии в обучении английскому языку: создание комфортной и поддерживающей среды для каждого ученика	31
Ансаганов Бекзат Сейтжанович, Демисенова Шнар Сапаровна	Роль социального интеллекта в педагогической деятельности	35
Асылбеккова Самал Асылбекқызы	Профилактика девиантного поведения детей на уроках биологии	39
Атаева Колканат Кабдыгалымовна	Ертегі терапиясын тиімді қолдану	44
Байдильдина Каламкас Нурланқызы	Развитие эмоционального интеллекта у подростков как способ профилактики девиантного поведения	48
Байменова Ботагоз Жумағалиевна, Нурманова Айнагуль Рахимжановна	Новые подходы в преподавании казахского языка и литературы: цифровизация и мультимедийные технологии в обучении	51
Байнакатова Зияда Мөндьғалиевна, Кравченко Татьяна Николаевна	Возрастная анатомия и психология: как учесть все риски и создать безопасную (или благоприятную) среду в организациях образования	55
Бакубаева Гульсара Бахчановна	Эффективные педагогические практики в области профилактики девиаций в организациях образования	59

4 СЕКЦИЯ

Батырбаева Анна Янисовна, Демисенова Шнар Сапаровна	Исследование актуального уровня развития личных профессиональных перспектив в старшем школьном возрасте	63
Бейсенова Сандугаш Аяпбергеновна	Ы. Алтынсариннің ұлттық ағартушылық құндылықтарын өркениетпен ұштастыруы	67
Бекенова Айзада Сайлаубаевна, Курманғалиева Бигайша Аскеровна	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында инклюзивті білім беруді жүзеге асыру	72
Бектурганова Зульфия Казиевна	Методология обучения на основе связи биологии и химии	77
Бердыгулова Гульзайра Талиповна	Проблемы инклюзивного образования	80
Бобжикова Жанат Жолмагамбетовна	Эффективные педагогические практики в области профилактики девиации в организациях образования	84
Богинская Юлия Валериевна, Кухарь Наталья Сергеевна	Профилактика детской агрессии: опыт специалистов	86
Богучарская Ольга Васильевна	Применение арт–терапевтических методов в коррекции эмоциональных отклонений у школьников: теоретические и практические аспекты	91
Bokhanova Aygul Serikbaevna, Zhaparova Laila Bekzatkhonovna	Deviant behavior in youth: methods of socio– pedagogical prevention	97
Бродельщикова Людмила Евгеньевна, Шкваренко Галина Васильевна	Развитие социально–коммуникативных навыков у учащихся инклюзивного образования	103
Василенко Татьяна Валерьевна, Кольцова Татьяна Михайловна	Профилактика девиантного поведения учащихся на уроках английского языка	107
Габбасова Ульяна Алексеевна, Энна Инна Александровна	Актуальные педагогические стратегии профилактики девиантного поведения подростков в условиях общеобразовательной школы	112
Гапбасова Гулжанат Аскарровна	Шет тілі мамандықтарының студенттерін жазбаша сөйлеуді оқыту процесін модельдеу	115
Домнич Александр Николаевич	Профилактика застенчивости у обучающихся старшего подросткового возраста	119
Жарасбаева Зибатуль Батырхановна	Білім беру ұйымдарында оқушылардың психологиялық және әлеуметтік ауытқуларын алдын алу: педагогикалық тәсілдер мен әдістер	124
Жумабаева Сауле Кагармановна	Анализ эффективности различных методик профилактики девиантного поведения на уроках физики	128

4 СЕКЦИЯ

Зеленцова Виктория Валерьевна	Интеграция психологических и педагогических подходов в цифровые образовательные игры для профилактики буллинга в начальной школе: исследование эффективности и вызовов внедрения	131
Зиновьева Александра Юрьевна	Интерактивные методы против девиаций: воспитание через игру и творчество	136
Идрисова Наталья Владимировна, Грамма София Васильевна	Социальное партнерство семьи, школы и общества в воспитательной деятельности	141
Какишева Нурсулу Тралыевна, Бакун Айнура Тулегеновна	Эффективные педагогические практики и подходы в профилактике девиаций в организациях образования	145
Карина Аягүл Алпысбайқызы, Ахметбекова Ажар Болтириковна	Сөйлеу тілі бұзылысы бар балаларға ұйымдастырылған оқу қызметінде нейробаннерді қолдану	150
Кирилюк Лилия Вильдановна	Профилактика речевых нарушений как способ предотвращения девиантного поведения в школе	154
Куанышбаева Малика Талгатовна, Демисенова Шнар Сапаровна	Исследование эффективности программы развития толерантности личности в полиэтнических группах обучающейся молодежи	157
Кулинич Татьяна Николаевна	Как избежать перегрузки детей при логопедической коррекции: принципы эффективной работы с дошкольниками в контексте инклюзивного образования	162
Кундубаева Алмагуль Утепаевна	Воспитание ответственности через практические занятия по физике: профилактика асоциального поведения у школьников	165
Лебедева Ольга Александровна	Профилактика девиации в организациях образования казахстана: совокупность современных подходов методов и приёмов	168
Лукович Анна Васильевна	Методы формирования позитивного поведения обучающихся в образовательном процессе	174
Малыгин Андрей Леонидович, Жаркимбаева Динара Есмагамбетовна	Использование педагогических практик как инструмента профилактики девиантного поведения подростков в условиях образовательного пространства	178
Мустафина Асель Сапаргалиевна, Абдулина Айгуль Сапаргалиевна	Дамуында ауытқулары бар балаларды оқытудағы тиімді әдістерді қолдану	182
Мустафина Виолетта Саматовна, Пименова Полина Михайловна	Взаимосвязь стрессоустойчивости и агрессивной коммуникации у студентов бакалавров	187

4 СЕКЦИЯ

Нагайцев Тарас Олегович, Демисенова Шнар Сапаровна	К проблеме формирования психологической готовности студентов–психологов к осуществлению психологической профилактики	191
Нагайцев Тарас Олегович, Демисенова Шнар Сапаровна	Теоретическое исследование проблемы психологической готовности студентов–психологов к будущей профессиональной деятельности	196
Назмутдинов Ризабек Агзамович, Калиниченко Оксана Викторовна	Профилактика девиаций в организациях образования	200
Ниетбаева Надира Ашировна, Абуова Ақерке	Онлайн және офлайн оқыту форматтарын біріктірудің артықшылықтары мен кемшіліктері	205
Нурлыбаева Аида Муратовна	Приемы и техники в педагогической практики для профилактики девиаций в организациях образования	210
Нұрбекова Балнұр Жомартқызы, Аюуш Жайнагуль	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға жаратылыстану пәндерінде оригамиді қолдану	214
Осипова Светлана Павловна	Эффективные педагогические практики в области профилактики девиаций в организациях образования	218
Raizullayev Yerzhan, Togizbayev Daulet	Effective use of problem–based situations in english language teaching	221
Позднякова Наталья Сергеевна	Геймификация как инструмент создания инклюзивной и безопасной образовательной среды	226
Рагимова Рамиля Незаметдинқызы, Шалгимбекова Кенжегуль Сапышевна	Методика разработки дифференцированных заданий для обучения младших школьников английскому языку	231
Сакаева Елена Константиновна, Жиентаева Гульзада Бауыржановна	Инклюзивное образование и его влияние на преподавание английского языка в школах казахстана	235
Сакаева Елена Константиновна, Жиентаева Гульзада Бауыржановна	Использование проектной деятельности в преподавании английского языка в школах Казахстана	240
Серикова Марзия Амантаевна, Ахатов Айдархан Габдуллинович	Геометрия сабақтарында кейбір есептерді Әл–фарабидің әдісімен шешу жағдайларын қарастыру	243
Сивакова Анастасия Робертовна, Кушкинбаева Мерамкуль Жолаушыбаевна	Педагогические подходы к профилактике девиантного поведения в колледже	248
Стрельцова Анастасия Юрьевна	Формы и методы профилактики зависимости от социальных сетей у подростков	252

4 СЕКЦИЯ

Султанова Марья Мнайдаровна	Кибербуллинг и его взаимосвязь с аутодеструктивным поведением	256
Тлеухор Акниет Рахметкаликызы	СТЖД III –ШІ деңгейдегі балаларға мнемотехникаарқылыбайланыстырып сөйлеуін дамыту	260
Токмурзов Алибек Маралбекович	Развитие системы образования на территории Костанайского региона в 20–40 годов XX века	264
Тугаева Эльвира Жангельдиновна	Интерактивные подходы в работе с подростками: эффективная профилактика девиантного поведения	270
Тулупова Динара Мараловна	Білім беру ұйымдарында ауытқулардың алдын алу: психологтың рөлі және тиімді педагогикалық тәжірибелер	274
Удовиченко Виктория Викторовна	Раннее идентифицирование эмоциональных и психологических девиаций у школьников с использованием искусственного интеллекта в контексте педагогической и психологической диагностики	278
Хайруллина Оксана Нуруллоевна	Социально – ориентированная личность школьника, как результат эффективной работы психологической службы школы	283
Хасанова Канагат Жасулановна, Есенгалиева Жанар Жалгасовна	Жасөспірімдер арасындағы ауытқулардың алдын алу саласындағы педагогикалық тәсілдер	288
Хусаинова Гульсайра Маратовна, Каленова Гульнар Маратовна	Тәрбие процесіндегі отбасы, мектеп және қоғам арасындағы әлеуметтік ынтымақтастық	292
Цыгулева Наталья Ивановна	Внедрение цифровых технологий в стратегии профилактики интернет–зависимости среди подростков: психолого–педагогические и технологические аспекты	295
Чупрова Варвара Валериевна, Аубакирова Юлия Доскановна	Роль русского языка и литературы в реализации эффективных педагогических практик по профилактике девиантного поведения в образовательной среде	300
Шамсутдинова Амина Абдухамитовна	Роль биологического образования в профилактике девиантного поведения учащихся	304
Шокимова Сайран Азнабаевна, Ермуханова Инара Ибраимовна	Деятельность центра психологической поддержки в контексте современного образования	307

**«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР –
ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ» атты
АЛТЫСАРИН ОҚУЛАРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ
«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ
СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»**

Материалдар жинағын
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай
өңірлік университеті
Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық
институтының
педагогика, психология және арнайы білім
беру кафедрасында теріліп, беттелді

Компьютерлік беттеу:
Жетписбаева А.А., Ермаганбетова А.Б.

Мекен-жай:
110000, Қостанай қ., Байтұрсынов көш. 47
(Пединститут ғимараты, Тәуелсіздік к-сі
118, 626 каб.)
Тел.: 8 (7142) 54-58-74 (ішкі 120).

Пішімі 60*84/18.
Көлемі 100,7 б.т.
Электронды нұсқасы университеттің
ksu.edu.kz сайтында орналастырылған
мамыр, 2025 жыл

Сборник материалов набран и сверстан
кафедрой педагогики, психологии и
специального образования
педагогического института
им. У.Султангазина
Костанайского регионального
университета им. Ахмет Байтұрсынұлы

Компьютерная верстка:
Жетписбаева А.А., Ермаганбетова А.Б.

Адрес:
110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынова 47
(корпус Пединститута, ул. Тауелсиздик
118, каб. 626).
Тел.: 8 (7142) 54-58-74 (вн.120)

Формат 60*84/18.
Объем 100,7 п.л.
Электронный вариант размещен на сайте
университета ksu.edu.kz
май 2025 год